

## Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №22/01 "Жаңаарқа ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 04/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 ақпанда № 3670 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі N 37/05 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 22.04.2016 № 37/05 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 41 бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 18 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №22/01 "Жаңаарқа ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3148 номерімен тіркелді, 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 23 (9473) "Жаңаарқа" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 16 қарашада жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жаңаарқа ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесінің 16-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"16. Функциялары:

1) агронеркесіптік кешен субъектілерін "Агронеркесіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;

2) агронеркесіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинауды жүргізу және оны аудандық жергілікті атқарушы органына (әкімдігіне) беру;

3) тракторларга және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді

қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылым машиналары мен механизмдерге, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну;

4) тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылым машиналары мен механизмдері, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды тіркеу және тіркеу құжаты (телнұсқа) және мемлекеттік номірлік белгі беру;

5) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға емтихан қабылдау және жүргізу құқығына куәліктер беру;

6) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенім хат бойынша жүргізетін адамдарды тіркеу;

7) тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылым машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу;

8) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу;

9) ауыл шаруашылығы саласы бойынша субсидияларды алу жөнінде ақпарат дайындау, жеке және занды тұлғалардан тиісті құжаттарды қабылдау;

10) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден асыл тұқымды мал туралы деректер жинауды жүзеге асыру;

11) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

12) қатынаста әкімгер болып табылатын бюджеттік бағдарламалар нәтижесіне жету және орындау, жаңару, жоспарлау;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыру.".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаарқа ауданы әкімі аппаратының басшысы Қанат Шубайұлы Қожықаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*F. Омаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК